

МКҚК №11 «Аружан» бөбекжай-бақшасы

Бекітемін
№11 «Аружан» бөбекжай-
бақша басшысы
А.Ш.Есбол
«31» декабрь 2021ж



2021-2022 жаңа оқу жылының іс-шаралары мен оқу стандартының бағдарламаларымен таныстыру

(Баяндама №1)

№3 «Күнбағыс» ортаңғы тобы
Тәрбиешілер: Мусабеева Н.П.
Сопбекова Ұ.П

Шымкент қаласы 2021-2022ж

**2021-2022 Жаңа оқу жылындағы алға қойған мақсаттар
мен әс-шаралар мен оқу стандартының
бағдарламасымен таныстыру.**

(Өткізу форматы: қашықтықтан ZOOM программасы арқылы)

Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә Назарбаевтің «Төртінші өнеркәсіптік революциялық жағыдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» және «Қазақстандықтардың әл-ауқатының қсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты жолдауды, 2020-2021 оқу жылында тәрбие мен оқытудың жаңартылған білім беру процесін ұйымдастыру, мектепалды даярлық жүргізу, қауіпсіз білім беру ортасын құру, педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру ерекшеліктерін ескере отырып, тәрбиелеу мен оқыту мазмұныны қойылған нормалар мен талаптарға сай оқыту мен тәрбиелеудің жылдық жоспары жасалынып, алға мына міндеттер алынды:

1.Балалардың өмірін сақтау және денсаулығын нығайту, толыққанды дене бітімін дамыту, Қазақстан Республикасы халқтарының ұлттық дәстүр негізінде салауатты өмір салты құндылығын қалыптастыру.

2.Баланың жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға баулу, коммуникативтілік, креактілік, сыни ойлау, ынтымақтастық дағдыларын меңгерте отырып, мектепке дейінгі білім беру сапасын арттыру.

Қазыргі заман талабына сай білім беріп, қаблетті бала тұлғасының қалыптасуы мен дамуы үшін жағыдайлар жасау. Мектеп жасына дейінгі балалардың дамуы ұлттық даму стратегиясымен үздіксі байланысты екенін жәнeмемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып табылатындығын ескере отырып. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі білім беру жүйесінің жаңарту векторы ретінде стандарттар әзіреу қажеттілігі туындайды.

Барлық жастық сатысындағы оқу жүктемесі Мемлекеттік жалпыға міндетті мектепке дейінгі білім беру стандартының әзірлеуде техникалық талаптарда белгіленген санитарлық-гигиеналық нормалар мен ережелерге сәкес келеді.

Бағдарламаның мақсаты: Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктеріне сәйкес білім, білік , дағдыларын, рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру.

Бағдарламаның міндеті: Баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін заттық-кеңістікті дамытушы орта құру, мектепке дейінгі білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігі ұстанымдарын қамтамасыз ету, балалардың дене зияткерлік, коммуникативтілік, адамгершілік, эстетикалық дамуына бағытталған білім беру салаларын кіріктіру, әр жас тобында бағдарлама материалдарының мазмұнын игеруде балалардың дамуы мониторингін ұйымдастыру, мектепке дейінгі ұйыммен отбасының бірлескен ынтымақтастығы, мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеуде ата-аналар қауымдастығының қажеттілігін қанағаттандыру.

Бағдарлама баланың коммуникативтілік дағдыларының қалыптасуына, танымдық және әлеуметтік мотивтерінің көрінуіне, қызығушылығы мен білім алуға деген құштарлығының дамуына ықпал етеді.

Әр саладағы күтілетін нәтижелр сабақтарды оқу мақсатының жүйесі арқылы беріледі.

Базалық оқу жоспарында әрбір жас кезеңдерінде арналған оқу жүктемесінде 5-білім беру саласының мазмұны кіреді.

- «Денсаулық»
- «Қатынас»
- «Таным»
- «Шыңармашылық»
- «Әлеуметтік ора»

Білім бөлімі: Дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, орыс тілі, сурет, мүсіндеу, аппликация, қоршаған ортамен таныстыру негіздері кіреді.

- Оқу-қызмтінің көлемі: 11-сағат
- Оқу қызметінің ұзақтығы: 15-20 минут
- Вариативтілік бөлімі -1

Апталық оқу жүктемесі:

- Денсаулық-3
- Сөйлеуді дамыту-1,0
- Көркем әдебиет-0,5
- Орыс тілі-0,5
- Математика негіздері-1,0
- Құрастыру-0,5
- Жаратылыс тану-1,0
- Сурет-1,0
- Мүсіндеу-0,25

- Аппликация-0,25
- Музыка-1,5
- Қоршаған орта-0,5

Күн тәртібі: Дүйсенбіден жұмаға дейінгі таңғы сағат

- Ертеңгілік жаттығулар 8.00-8,30
- Таңғы ас 8.30-8.55
- Ойындар, ұйымдастыру қызметіне дайындық 8.55-9-15
- Ұйымдастырылған оқу қызметі 9.15-10.00
- Серуенге дайындық 10.00-10.20
- Серуен 10.20-12.00
- Серуеннен оралу 12.00-12.20
- Түскі ас 12.20-13
- Түскі ұйқы 13-15.10
- Біртіндеп тұрғызу, ауа-су процедуралар 15.10-15.40
- Бесін ас 15.40-16.00
- Ойын, жеке-дара жұмыстар 16.00-16.30
- Серуенге дайындық 16.30-16.50
- Серуен, қимылды ойындар 16.50-17.30
- Еркін ойындар, балалардың үйге қайтуы 17.30-18-30

Балабақшада тәрбиелену барысында сан-саналы танымдарды игереді, күрделі құбылыстарды ұғына алады, өйткені нерв және жұлын жүйкелерінің жұмыс істеу қабілеті күшейеді. 3-4 жастағы балалар үнемі қозғалыста болуына байланысты дене мен салмағы 13-15 ал, бойы 92-100 болады.

Жыл бойы 1-3 кг қосып, 5-7см өседі. Осы жаста бала салыстырмалы ойлай алады. Санамақтарды жатқа айтып, аз және көп сандарды, қалың және жұқа заттарды ажырата алады. Айналадағы заттардың орналасуын, уақыт мезгілі мен жыл мезгілдері туралы түсінік қалыптасады. Табиғаттағы барлық түстерді ажырата алуы, сурет салып, түрлі ертеңгіліктер мен іс-шараларда ән айтып, би билеп, өлең шумақтарға дене құштарлықтары артады. Ұйқыдан балалар оянғанда, көңіл-күйлері көтеріңкі болады. Осы сабырлы тәрбиелі қалыптары ойын үстінде-де, іс-шаралар барысында да серуенде де сақталады.

Сонымен қатар балабақшадағы ертеңгіліктер маңызды іс-шаралардың бірі. Бұл психологопедиялық талаптарға бағытталған топтық, шығармашылық жұмыс түрі болып саналады, балаларды ұйымшылдыққа, сыйластыққа, өзара көмек көрсетуге тәрбиелеу.

Мерекелік ертеңгіліктерде балалардың көрініс көрсетілуі, ән айтуы, би билеу, тақпақтарды жатқа айту шығармашылық және ұйымдастырушылық қабілеттерін қалыптастыратын басты фактор.

Ертеңгілікте өнер көрсету бала бойында қызығушылық туғызады, оны қанағаттандырады, қуаныш сезімі, мерекелік көңіл-күй пайда болады. Бұл шаралардың тағыда жағымды жағы- бала күнделікті көріп жүргеннен бөлек, басқа бір мерекелік безендірілеген, ғажайып әлемге әдемі киініп, кейіпкер бейнесіне еніп, тап болғандай сезімде болады.

Әл Фараби бабамыз «Ғылым емес, ең алдымен тәрбиеге көңіл бөлу керек, тәрбиесіз адамға ғылым баянды болмайды» демеп пе еді. Осыған орай Бірігіп тәрбиеге бет бұруымыз керек. Ұрпақ тәрбиесіне мүделлі екендігін ата-аналар іс-жүзінде дәлелдеп отыруы тиіс. Міне осындай ынтымақ бірлігінде ғана ойдағыдай нәтижеберері ақхат.

МКҚК №11 «Аружан» бөбекжай-бақшасы

Бекітемін
№11 «Аружан» бөбекжай-
бақша басшысы
А.Ш.Есбол
«31» тамыз 2021ж



№1

Ата-аналар жиналысының хаттамасы

№3 «Күнбағыс» ортаңғы тобы
Тәрбиешілер: Мусабекова Н.П.
Сопбекова Ұ.П

Шымкент қаласы 2021-2022ж

№1 Ата-аналар жиналысының хаттамасы

№3 «Күнбағыс» ортаңғы тобында ата-аналар жиналыс болып өтті.

Өткізу күні: 31 тамыз 2021ж

Өткізу уақыты: кешкі сағат 5-00 де

Бала саны-15

Қатысқандар-13

Тақырыбы: 2021-2022жаңа оқу жылындағы алға қойған мақсаттар мен міндеттер және іс-шаралар мен оқыту стандарттың бағдарламасымен таныстыру.

Ата-аналар жиналысының мақсаты: Стандарт талабына сай балалармен жұмыс жасау жүйесін түсіндіру. «Дені сау, ұлттық сана сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, еңбекқор, тілі жетік, қабілетті тұлғаны тәрбиелеу.

Жаңа 2021-2022 оқу жылына дайындық аясында өткізіледі.

Өткізу форматы: қашықтықтан ZOOM программасы арқылы
(Ата-аналарға сілтемелер алдын-ала жіберіледі)

Қатысушылар: ата-аналар (балалардың заңды өкілдері)

Күн тәртібінде:

1. 2021-2022 оқу жылындағы баланың жас ерекшелігіне сәйкес, ата-аналарды жаңа оқу жылының іс-шаралары мен оқу стандартының бағдарламасымен таныстыру.
2. Ата-аналар комитетін сайлау
3. Сауалнама жүргізу (анкета)

Тыңдалды

1. 2021-2022 оқу жылындағы баланың жас ерекшелігіне сәйкес, ата-аналарды оқу бағдарламасымен таныстыру атты баяндаманы тәрбиеші: **Сопбекова Ұ. С оқыды.**

Жарыссөз:

Ата-ана: Жауынбай Аймен Яияқожақызы сөз алды.

-Апталық оқу қызметі туралы айтып кетсеңіз?

Тәрбиеші: Сопбекова Ұжан жауап берді.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы көлемі 11-сағат және вариативтік бөлім-1. Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы 15-20 минут. Білім беру салалары: «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеуметтік орта» бойынша жұмыс жасаймыз.

Ата-ана: Мақұлбек Нүрсұлтан Есенәліұлы сөз алды.

-Жас ерекшелігіне қарай ұл балалардың өз ара қарым-қатынасы қалай?

Тәрбиеші: Мусабекова жауап берді.

-Балалардың бір-бірімен қарым-қатынасы өте жақсы. Бірлесіп ойнайды.

Ата-ана: Налибаева Гүлжан Бектурсеевна сөз алды.

–Қазыргі жағыдайға байланысты баланы уақытша бақшаға аелелмеуге болама?

Тәрбиеші: Мусабекова жауап берді. –Қазіргі таңда балабақшада «кезекшілік топтар» бар.Арине бақшаға баланың келуі, келмеуі құқығы ата-аналарға немесе балалардың заңды өкілдеріне тиесілі. Ата-аналар немесе балалардың заңды өкілдері бақша басшысының атына өтініш беру арқылы таңдау құқығын білдіресіздер.

Ата-ана: Ақпан Айдана өмірсерікқызы сөз жалғастырды

-Топтарда санитарлық талаптардың сақталуы туралы айтып кетсеңіз?

Тәрбиеші: Мусабекова түсіндіріп өтті.

Топта 15 баладан артық болмауы. Балалар мен тәрбиешілер, басқа жұмысшылар арасындағы физикалық байланыстарды азайту.Дене шынықтыру іс-әрекетін ашық аспанда, әр топтың өз алаңында өткізу. Балалар мен тәрбиешілердің күнделікті температурасын өлшеу, медициналық кабинеттар мен изоляторлар жүргізілген. Сонымен қатар әр топтарда инвекцияны жұқтыру қаупін алдын алу үшін барлық қажетті шараларды ұсынады. (бет перде, қолғап, қол жууға арналған флакондағы антисептик немесе бактерияға қарсы дымқыл салфеткалар) тағайындалған. Жатын бөлмелерде, топтарда, дәліздерде ылғалды жинау жұмыстары жүргізіледі. Бақша дезинфекциялау құралдарының қорымен қамтамасыз етілген. (кіре берістегі дезинфекциялау кілемшесі, тепловизорлар, санитайзерлер, ылғалды, дезинфекциялық жинауды қамтамасыз етуге арналған құрал жабдықтар әзі тіәрленген.Тәрбиешілер мен басқа жұмысшыларға арналған маскалық режим сақталады. Топтарды жүйелі түрде кварц лампасын пайдаланылады.

2. Ата-аналардың ұсынысы бойынша, ата-аналар комитеті құрылды. Ата-аналар комитеті сайланды.

1. Ата-аналар комитетінің төрайымы: Ибрагимова Жаңыл
Өмірханқызы

Көмекшілері:

- 1.Ташметова Нодира Ибрагиова
- 2.Жауынбай Айман Яияқожақызы

2. Суалнама жүргізу.

Кезінде Әл Фараби бабамыз «Ғылым емес, ең алдымен тәрбиеге көңіл бөлу керек, тәрбиесіз адамға ғылым баянды болмайды»-

демеп пе еді. Осыған орай бүкіл ата-ана тәрбиеге бет бұру керек. Ұрпақ тәрбиесіне мүдделі екендігін ата-аналар іс-жүзінде дәлелдеп отырулары тиіс. Міне осындай ынтымақ бірлігінде ғана ойдағылай нәтиже берері ақиқат. *(талдау)*

Қызықты сұрақтар:

- Балаңыздың туылған күні?
- Тәрбиешілердің толық аты-жөні ?
- Балаларыңыздың аяғының өлшемі қанша?
- Балаларыңыздың досы кім?
- Балаңыздың сүйікті асы қандай?
- Балаңыз қандай түсті ұнатады?
- Балаңызды еркелеткенде қандай сөдер айтасыз?
- Балаңызға ашуланғанда ең алдымен қандай сөз айтасыз?

Жиналысқа қатысып отырған ата-аналар, еркін өз ойларын жеткізуіне және сол барысында сұрақтар қойып. Тәрбиешілер осы негізде ата-аналармен сөйлесе отырып, әр-бір баланың ата-анасына бала туралы бақшадағы қылығы, әдебі туралы толық айтып ашық әңгіме жүргізілді.

№1 Ата-аналар жиналысының шешімі:

1.2020-2021ж оқу жылындағы, баланың жас ерекшелігіне сәйкес, ата-аналарды стандарттық бағдарламасымен таныстыру атты баяндама қанағаттанарлық баға берілді.

Баяндама тіркелді.

- 2.Ата-аналар комитеті сайланды.
- 3.Сауалнама жүргізілді.

МКҚК №11 «Аружан» бөбекжай-бақшасы

Бекітемін
№11 «Аружан» бөбекжай-
бақша басшысы
Меджид А.Ш.Есбол
«31» сентябрь 2021ж



«3-5 жастағы баланы сауықтыру жолдары»

(Баяндама №2)

№3 «Күнбағыс» ортаңғы тобы
Тәрбиешілер: Мусабекова Н.П.
Байсапарова Г.А

Шымкент қаласы 2021-2022ж

«3-5 жастағы баланы сауықтыру жолады»

Жас ұрпақты жан – жақты дамыған, ой — өрісі биік, тұлғасы сымбатты азамат етіп өсіру үшін тәрбие жүйесінде дене тәрбиесінің алар орны орасан зор. Ал оны неғұрлым ерте кезінен бастап, дұрыс жолға қойып жүргізсе, соғұрлым нәтижесі жемісті болатыны анық. Өйткені болашақ азаматтың денсаулығы мықты, мүсін тұлғасы дұрыс қалыптасқан, жігерлі де қайратты болып өсуіне, көпшілдік дағдыларын бойына терең сіңіруіне нақ осы мектепке дейінгі кезеңде тереңірек көңіл бөлінсе, дұрыс негіз қаланады. Қазақтың кемеңгер ақыны, ұлтының бақыты үшін өз бойындағы бар дарыны мен білгенін аямай, дене тәрбиесіне зор көңіл бөлген.

Мағжан Жұмабаев: «Дене тәрбиесіне жеңіл қарауға болмайды. Дене жанның қабы. Қап берік болса ішіндегі заты берік болмақ. Дене жанның құралы. Құралы мықты болса иесі де мықты. Сау жан – сау денеде ғана болады» — деген. Сондықтан да бүлдіршіндер ағзасының қызметін жетілдіру, денсаулығын жақсарту, жүйкенің жұмысын дұрыс қалыптастырып, ширақ, жігерлі, икемді, сымбатты етіп өсіру, міне, осының барлығын ғылыми негізде тәрбиенің басқа түрлерімен ұштастыра жүргізу – балабақшалардың негізгі мақсаты мен алға қойған үлкен міндетінің бірі.

Бала денсаулығының мықты болып , қозғалыс,дене құрылысының дұрыс жетілуі мектеп жасына дейінгі кезеңде қалыптасады. Сондықтан , бала ағзасының қызметін жетілдіру қабілетін арттыру осы кездегі ең басты міндет болып табылады. Бұл міндеттердің маңыздылығы мынада; ағзаның қорғаныс қабілеті нашар қалыптасқан кішкентай балалар сыртқы ортаның қолайсыз әсерлеріне тез ұшырайды.Сондықтан сүйектің, буынның дұрыс әрі өз мерзімінде жетілуіне, бел омыртқаның физиологиялық иіндерінің қалыптасуына, табан дөңістерінің дұрыс жетілуіне, тыныс алудың тереңдігі мен ырғақтылығы тыныс алуды қозғалыспен үйлестіруге мүмкіндік жасап, үнемі ықпал ету қажет. Сондай-ақ,баланың қозғалысын жетілдіру, қимылдық дағдыларын және дененің икемділігін, шапшандық, күштілік төзімділік сияқты қасиеттерін қалыптастыруға, тұрмыста және дене тәрбиесі сабақтарында қажетті жеке және қоғамдық гигиена дағдыларын дамытуға баса назар аударылады.

Балаларды мектепке даярлау кезеңінде олардың денсаулығын жақсарту мәселесі бойынша өсу тенденциясына бүгінгі ерекше көңіл бөлініп отыр. Бұл тұрғыда денсаулығын нығайту үшін комплексті әдістерге айрықша мән беріледі.

Жаңа стандарт негізінде мектеп жасына дейінгі баланы шынықтыру-сауықтыру шаралары «Денсаулық» білім беру саласында көрсетілген.

«Денсаулық» білім беру саласының мақсаты: өз денсаулығына саналы көзқарасын тәрбиелеу, денсаулықтың адамға берген басты құндылығы екенін түсіндіру, қозғалыс белсенділігін дамыту және физиологиялық қасиеттерін қалыптастыру.

«Денсаулық» білім беру саласы: дене шынықтыру, қауіпсіз мінез-құлық негіздері, валеология бөлімдерінен тұрады. Осыған орай жылдық жоспарға балалардың салауатты өмір салтын сақтау және әр баланың ерекшелігіне қарай дене дамуын қалыптастыруға сауықтыру шаралары қаралған, олар: таза ауада дене шынықтыру, ертеңгілік жаттығулар, спорттық ойын-сауықтар, серуен, серуендегі қимылды ойындар, сергіту сәттері, ұйқыдан кейінгі гимнастика, массаж, жалаң аяқ жүру, су процедуралары.

Балабақшада қосымша бағдарламалар және инновациялық технологиялар қолданылады. Күнделікті баланың ақыл-ойын арттыру үшін танымдық мағлұматтар көп беріледі. Баланы тұлға ретінде қалыптастыруда оның дене дамуына көңіл аударуымыз қажет. Бала ағзасының дұрыс дамуы үшін- балабақшада сауықтыру мен профилактикалық міндеттер күнделікті күн тәртібінде жүйелі орындалуы тиіс. Денсаулықты жақсарту үшін баланы шыдамдылыққа, іскерлікке, психологиялық және физикалық үйлесімділікке бейімдеу қажет. Денсаулықты дұрыс қалыпта сақтау үшін қажетті негізгі мақсаттарға тоқталсақ; дені сау бала тәрбиелеу, дұрыс қарым-қатынас жасай білу, денсаулыққа қажеттіліктер, салауатты өмір салтын қалыптастыру жайлы дұрыс мағлұматтар беру, материалдық-техникалық оқу базасын белгілеу, дене жаттығуларын жасау, спорттық бағдарламаларды көбейту, дұрыс тамақтану, іс-әрекетке белсенді түрде қатысу.

Күн режимін қалай ұйымдастыру керек? Ертеңгілік баланы балабақшаға әкелу уақытының да маңызы бар, ата-ана баланы ертемен оятып, жақсы көңіл күймен келген бала мен ұйқысын қандырмай, кешіктіріп, өзінің де баланың көңіл-күйі жоқ жағдайда келген баланың арасында айырмашылық болады. Ертеңгілік жаттығулардың пайдасы бәрімізге де белгілі, ертеңгі қимыл қозғалыстың үйлесімділігін баланың физикалық дамуына әсер ететін көптеген табиғи факторлар бар. Солардың бірі-серуен. Ауада серуендеу баланың денсаулығы үшін өте маңызды. Бала таза ауада көп болса оның ағзасы оттегіні жай жүргендегіге қарағанда көп сіңіреді. Шиірақ қозғалыста болады, адымдай жүреді, аласа бұтақтан секіреді, сөйлегенде, жүгіргенде қол мен аяқтың қимылын қатар алып икемделеді. Ол үшін қимылды ойындар жақсы. Бала үшін серуенді қызықты ұйымдастыру керек. Жай ғана денсаулықты күшейтіп қоймайды, айналадағы құбылыстарды бақылап, көзқарасы қалыптасады. Ойынды таңдай отырып, жыл мезгілін, ауа райын да ескеуіміз керек. Қыс мезгіліндегі ойындар өте пайдалы, соның өзінде ойын қозғалыстарымен, жаттығулары демалыспен кезектесуі керек. Ыссы ауа-

райында ойындар жай қозғалыста болғаны жөн. Ойын қызығымен бала шаршағанын аңғармайды.

Сондықтан ойын кезінде баланың денесін дұрыс ұстауын, аяғын түзу басуын қадағалаған дұрыс. Қысқы ойындарда бала шанамен ойнағанды, қар ұстап ойнағанды жақсы көреді. Жаз , күз мезгілінде саябаққа барғанды ұнатады: жапырақ жинау, маусымдық киіммен ,мысалы, аяғында ботинка, үстінде күртемен жүгіру қимылды қиындатары белгілі, бірақ ойын баласы оны жеңуге ұмтылады. Бала бойында осылай қимыл қозғалыста төзімділік, ептілік, ширақ қимыл дамиды. Бұлардың барлығы да денені шынықтыруға жатады. Ауа райы қандай болса да таза ауда болу пайдалы.

Сонымен қатар балабақшада балалардың тамақтануы да қадағалауда болады. Ас мәзірінің құнарлылығы, сапасы мен әртүрлілігі басты назарда ұсталады. Жыл мезгіліне қарай берілетін ас мәзірі өзгертіліп бекітіледі. Дұрыс отыру, тағамдарды ретімен жеу, үстел үстінде өзін дұрыс ұстай білуді үйренеді. Мәдени-гигиеналық дағдылары қалыптасады.

«Тәуелсіз ел тірегі- білімді ұрпақ, дені сау, жан-жақты дамыған салауатты ұрпақ». Сондықтан, ұрпағымыздың болашағы жарқын да кемел болуына ат салысып, дені сау, шыныққан бүлдіршіндер тәрбиелей берейік.

Бекітемін
№11 «Аружан» бөбекжай-
бақша басшысы
_____ А.Ш.Есбол
«31» _____ 2021ж



№3 «Күнбағыс» ортаңғы тобы
Тәрбиешілер: Мусабеекова Н.П.
Байсапарова Г.А

Шымкент қаласы 2021-2022ж

№2 Ата-аналар жиналысының хаттамасы

№3 «Күнбағыс» ортаңғы тобында ата-аналар жиналыс болып өтті.

Өткізу күні: 22 Желтоқсан 2021ж

Өткізу уақыты: сағат 12-00 де

Бала саны-25

Қатысқандар-18

Тақырыбы: «3-5 жастағы баланы сауықтыру жолдары»

Ата-аналар жиналысының мақсаты:

Баланың өсіп, дамуы үшін күн тәртібінің дұрыс жасалуы-бала көңілінің байсалды, сергек, шат-шадыман, мінезінің бірқалыпты болып қамтамасыз ететінін түсіндіру.

(балалардың заңды өкілдерін) хабардар ету.

Өткізу форматы: қашықтықтан ZOOM программасы арқылы
(Ата-аналарға сілтемелер алдын-ала жіберіледі)

Қатысушылар: ата-аналар (балалардың заңды өкілдері)

Күн тәртібінде:

1. «3-5 жастағы баланы сауықтыру жолдары»
(Баяндама: Мусабекова Н.П)
2. «Бала денсаулығын сақтауда «Вакцина» егудің пайдасы»
(пікір сайыс)
3. «Денсаулығы баланың-қуанышы ананың»
(Дәрігерлік кеңестер)

Тыңдалды:

1. «3-5 жастағы баланы сауықтыру жолдары» атты баяндаманы тәрбиеші Мусабекова Назира оқыды.

Баяндама тіркелді

Жарыссөз

Ата-ана: Сәуірбаева Ләззат Бауыржанқызы сөз алды.

«Бақшадағы күн тәртібінде 3-5 жастағы балаларды сауықтыру жолдарының маңызын айтып өтсеңіз»-деп сұрады.

Тәрбиеші Байсапарова Гаухар жауап берді.

-Дұрыс ұйымдастырылған күн тәртібінің баланың өсуі мен денсаулығын нығайтуда маңызы зор. Сонымен қатар, ол бала бойында жақсы әдеттерді қалыптастыруға, ерік-жігерін нығайтуға, ұстамдылық, ұқыптылық сияқты басқада маңызды қасиеттерді жетілдіруге көмектеседі.

Күн тәртібі-баланың жас ерекшелігін ескере отырып, дұрыс ойластыра жасалған еңбекке дағдыландыру, демалыс, тамақтандыру ережесі.

Сәбиді белгілі бір уақытта ғана тамақтандыру қажет. Кейбір аналар бұл талаптарды сақтамайды сөйтіп, бала тәрбиесінде белгілі дәрежеде қиындық келтіреді. Жас нәрестенің жүйке жүйесі сыртқы ортаның әртүрлі әсеріне өте сезімтал болып келеді. Балалар тез шаршайды, сондықтан жиі әрі ұзағырақ тынығуды қажет етеді. Демалыстың ең басты түрі- ұйқы. Егер ұйқы шала болса, ағза толық тынықпайды. Бұл денсаулыққа зиян келтіреді. Денсаулығы нашар балалар жасына қарамастан көбірек ұйқтаулары қажет. Сәбилерді белгілі бір уақытта ұйқтауға, белгілі бір уақытта тұруға үйретуде маңызды. Ұйқтар алдында алаңсыз ұйқтағаны жөн, ал жарты сағат серуендеу тіпті пайдалы. Жатар алдында бала беті-қолфн, мойнын, аяқтарын жылы үй температурасымен бірдей болатын сумен жуғаны дұрыс. Мұның тек гигиеналық қана емес, сонымен бірге ағзаны шынықтыруда маңызы бар, жүйке жүйесіне жақсы әсер етеді, неғұрлым тез ұйқтауға көмектеседі.

Мектеп жасына дейінгі балалардың суретсалуды, қағаз қиюмен, санақ есеппен, илеп мүсіндер жасаумен және басқа да істермен айналысуына арнайы уақыт бөлінеді. Мұндай істермен 3-4 жасар балаларға 15-20 минут, ал 5-6 жастағы балалар 30-40 минут қана айналысуы тиіс. Іс – әрекеттерді алмастыра отырып, әрбір 20-25 минут сайын үзіліс жасаған жөн.

Балалардың жоғарғыда аталған жаттығуларын таңертеңгі тамақтан кейін ұйымдастырған жөн. Ал қалған уақыт ойынға арналады.

2. «Бала денсаулығын сақтауда «Вакцина» егудің пайдасы атты тақырыпта пікір сайыс өтті.

Жарыссөз

Ата-ана:

-Бақшадағы балалардың тазалықты сақтау ретін түсіндіріп берсеңіз?

Тәрбиеші: Байсапарова Гаухар жауап берді .

Баланың денсаулығын сақтау мен жан-жақты жетілуін қамтамасыз ету үшін сауықтыру- тәрбие шаралардың тұтас комплексі: дұрыс тамақтандыру, жақсы гигиеналық күтім, бірқатар профилактикалық шаралар қолдану қажет.

Гигиеналық міндет- адамның денсаулығына ықпал ететін тұрмыс жағдайларын, қоршаған ортамен адамдардың өзара байланысын және өзара ықпалын зерттеу, денсаулық сақтауды қамтамасыз ететін, дене күшін шыңдап және аурудың алдын алатын тұрмыс пен еңбектің гигиеналық нормаларын жасау. Белгілі гигиенаның білімді игерген әрі оны практикалық қызметінде іскерлі пен қолданғанда

ғана тәрбиеші балалардың дұрыс тәрбиесін: күн режимін, тамақтануын, денесінің шынуғуын және гигиенасын және басқаларды қамтамасыз ете алады. Балалардың жақсы жетілуіне қажетті санитарлық және эпидемияға тиісті режим жасау- мектепке дейінгі балалар мекемелері тәрбие және гигиенаны талаптарына сәйкес құрылып, пайдаланылған жағдайда ғана мүмкін болады.

Балалар мекемесінің жабдықтаулы гигиеналық және педагогикалық талаптарға сай келіп, балалардың жасына қарай ерекшеліктерін ескеруі тиіс. Балалардың бойы мен жасына сай келетін жабдықтар дененің дұрыс қалыптасуын қамтамасыз етіп, оқу іс-әрекеті кезінде организмге тыс күш түсірмейді. Мұның омыртқа қисаюы мен алыстан көрмеушіліктің алдын алу жолында үлкен маңызы бар. Жабдықтардың қауіпсіз (жүзі өткір келетін, істік қырлы заттардың болмауы) тазалауға ыңғайлы болуы, ашық түске болуы, жабдықтардың ықшамдылығы мен түрінің әсемдігі маңызды талаптар болып табылады.

Мектеп жасына дейінгі топтарда үстел, орындық, диван, ойыншық пен құрылыс материалдарын салуға арналған шкафтар, кітап қоюға арналған үстел қойылаған Балалардың столда дұрыс отыруы. Оның үстіне еңкейіп және екі табанын еденге қатты тіреп, иығын көтермеуі үшін оларды бақылау қажет. Орындық отырғышының шеті столдың бала жағындағы шетіне кіріңкіреп тұруы керек. Осылай отыру аз шаршатады және омыртқаны қисаюдан сақтайды. Балалар мекемесінде жеке заттарын, киімін сақтауға арналған шкафтар бар. Әр балаға оның жеке пайдалануындағы: шешінетін, ұйықтайтын, туалет бөлмелеріндегі заттарды бекітіп берудің үлкен педагогикалық және гигиеналық маңызы бар және гигиена ережелерін орындау гигиеналық дағдымен машықтануға тығыз оңай және тез қабылданады. Бұл үшін балалар мекемелерінде қажетті жағдайлар жасап, оны ұдайы сақтап отыру қажет. Балалардың жеке гигиеналық сүлгісі мен заттарына орнап, туалет бөлмесінде жеке-жеке ойықтары бар кішкене шкафтар жасалады. Түбекке арналған сөре болады. Қол жуғыш, бүрікпе (душ) ванна, унитаз балалардың бойымен жасының ерекшеліктеріне сай келіп, гигиеналық талаптарға лайық болуы керек. Олар шойын, эмалы ақ түсті болуы мүмкін, ұштары жұмыр, тазалау мен дизейфенциялауға жеңіл болуы тиіс.

Ойыншықтар- баланың өмірінде үлкен орын алады, тәрбиелік маңыз атқарып гигиеналық, педагогикалық талаптарға сай келу керек.

Балаларға арналған ойыншықтарды балалардың денсаулығына зиян келтірмейтін, құрамында улы заттар жоқ және тазалау мен дизейфенциялауға жеңіл материалдан жасайды, себебі олар ойыншықтарды ауыздарына салады, еденге лақтырады.

Бақшаға баратын балалардың жеке пайдаланатын заттары болуы керек. Мұның үлкен гигиеналық маңызы бар, өйткені ол балалар арасындағы жұқпалы ауруларды болдырмауға бағытталған профилактикалық шара болып табылады. Әрбір сәбидің шкафы, төсек орны мен керуеті, түбегі, сүлгісі, салфеткасы, бет орамалы мен тарағы болуы керек. Бала өзінің заттарын пайдалану үшін ол баланың заттарын бірыңғай суреттермен белгілеп қояды. Сәбидің өте ерте жасынан бастап, әсіресе тамақ ішкенде ұқыптылыққа тәрбиелеу керек. Екі жастан асқан сәби салфетканы пайлана білуі тиіс. Басқа баланың салфеткасын пайдалануға болмайды. Өйткені салфетка арқылы кейбір аурулар жұғуы мүмкін. Тәрбиеші балаланың тек қана өз салфеткасын пайдалануын бақылайды.

Әр сәбидің өз бет орамалы болуы тиіс және оны ешбір жағдайда басқа баланың пайлануына беруге болмайды. Балаларда түшкіргенде және жөтелгенде бет орамал пайдалануға үйрету қажет.

Балалардың бақшада әрбір сәби үшін жеке түбек болуы тиіс. Сәби тек өз түбегін пайдалуы керек. Балаға түбекке отыруды сұрану әдетін қалыптастыру ерекше маңызды. Баланы түбекке ұйықтар алдында, ұйықтан кейін белгілі бір сергек жүрген сағаттарында отырғызған жөн. Осындай тәртіпке үйренген соң осыған сәйкес түбекке сұрана бастайтын балаларды. Балалық шақта алған мәдени-гигиеналық дағдылар берік бола бастайды.

Қорыта келе:

Балабақшада мәдени-гигиеналық дағдылар дұрыс жолға қойылса бала қолды дұрыс жууға, құрғатып сүртуге, өз бетімен сүлгісі алып, қайта ілуге, таза және ұқыпты тамақтануға қасық, кесе, сүлгіні дұрыс және орынды қолдануға және тамақтану кезінде аузын жауып жеуге үйренеді. Өздігімен киіну және шешіну дағдыларын қалыптастырады. Өздігімен мұрнын сүрту, қолының, бетінің салақтығын, киіміндегі олқылықты байқауы, серуеннен келген соң аяқты сүрту, кірре беріс жерге аяқ киімін шешу, ретке келтіріп ұстау-еденде жатқан затты жоғары көтеріп қою, ойнап болған соң ойыншықты орнына жинау қалыптасады.


3. «Денсаулығы баланың-қуанышы ананың»

(Дәрігер кеңестері)

№2 Ата-аналар жиналысының шешімі:

1. «3-5 жастағы баланың сауықтыру жолдары» атты баяндамаға қанағаттанарлық деген баға берді.
2. «Бала денсаулығын сақтауда «Вакцина» егудің пайдасы» айтылған кеңестерге келісті.
3. «Денсаулығы баланың-қуанышы ананың» Дәрігердің кеңтері тыңдалды

МКҚК №11 «Аружан» бөбекжай-бақшасы

Бекітемін
№11 «Аружан» бөбекжай-
бақша басшысы
 А.Ш.Есбол
« 31 »  2021ж



***«Мектеп жасына дейінгі
балалар өмірінде қимылды
ойынның ролы»***
(Баяндама №3)

№3 «Күнбағыс» ортаңғы тобы
Тәрбиешілер: Мусабекова Н.П.
Байсапарова Г.А

Шымкент қаласы 2021-2022ж

«Мектеп жасына дейінгі балалар өмірінде қимылды ойынның ролі»

Мектепке дейінгі балалардың жан-жақты дамуы үшін ойынның ролі ерекше. Ойын – жалпы адамзат мәдениетінің бірегей феномені, оның қайнар көзі мен шыңы. Мәдениет феномені ретінде ойын оқытады, дамытады, тәрбиелейді.

Баланың өмірге қадам басардағы алғашқы қимыл-әрекеті – ойын, сондықтан да оның мәні ерекше. Қазақ халқының ұлы ойшылы Абай Құнанбаев: «Ойын ойнап, ән салмай, өсер бала бола ма?»-деп айтқандай баланың өмірінде ойын ерекше орын алады.

Ойын мектеп жасына дейінгі баланың жеке басының дамуына игі ықпал ететін жетекші, басты құбылыстың бірі.

Ойын арқылы баланың дене құрылысы жетіліп, өзі жасаған қимылына сенімі артады. Баланың бойында ойлау, тапқырлық, ұйымдастырушылық, шыдамдылық, белсенділік қасиеттер қалыптасады. Ойын дегеніміз – жаттығу, ол арқылы бала өмірге әзірленеді.

Адам іс-әрекетінің ерекше бір түрі – ойынның пайда болуын зерттеушілердің біразы өз еңбектерінде өнер және ойын көркемдік іс-әрекеттің алғашқы қадамы деп түсіндіреді. Ойында шындықтың көрінісі, оның бейнелі сәулесі қылаң береді. Жалпы ойынға тән нәрсе өмірдің әртүрлі құбылыстары мен үлкендердің түрлі іс-әрекеттеріне еліктеу екені белгілі. Ойынның шартты түрдегі мақсаттары бар, ал сол мақсатқа жету жолындағы іс-әрекеттер бала үшін қызықты. Балаларға ақыл-ой, адамгершілік, дене шынықтыру және эстетикалық тәрбие берудің маңызды тетігі ойында жатыр. Ойын барысында балалар өзін еркін сезінеді, ізденімпаздық, тапқырлық әрекет байқатады. Сезіну, қабылдау, ойлау, қиялдау, зейін қою, ерік арқылы түрлі психикалық түйсік пен сезім әлеміне сүңгиді. Сондықтан да педагогикада бала ойынына ерекше мән беріледі, өйткені ойын үстінде қалыптасатын балалық шақтың түйсігі мен әсері адамның көңіліне өмірбақи өшпестей із қалдырады. Бала ойын арқылы өзін толқытқан қуанышын немесе ренішін, асқақ арманын, мұрат-мүддесін бейнелесе, күні ертең сол арман қиялын өмірде жүзеге асыруға мүмкіндік алады. Сөйтіп бүгінгі ойын, бейнелі әрекет ертеңгі шындық ақиқатқа айналатын кезі аз емес.

Бала ойын арқылы өзінің күш-жігерін жаттықтырады, қоршаған орта мен құбылыстарды ақиқат сырын ұғынып, еңбек дағдысына үйрене

бастайды. Былайша айтқанда болашақ қайраткердің тәрбие жолы, тәлімдік өнегесі ойыннан бастап өрбиді.

Ойын мен еңбектің бір-біріне ұқсас сипаттары көп, сондықтан кейбір педагог-ғалымдар «жақсы ойын — жақсы жұмыс сияқты да, жаман ойын-жаман жұмыс сияқты» деп қарап, бұлардың арасында айырма шамалы деген түйін жасайды. Өйткені, әрбір жас кезінде ойын тиісті дәрежеде ақыл мен қажыр-қайрат жұмсауды керек етеді. Белсенді іс-әрекет пен күш-жігер жұмсалмаған ойын, жақсы ойын болып табылмайды. Жақсы ойын да жақсы жұмыс та көңілді қуанышқа толтырып, рахатқа бөлейді. Демек, осы жағынан ойын мен жұмыстың ұқсастығы байқалады. Баланың ойынында да белгілі дәрежеде тиісті жұмыстағыдай жауапкершілік болуға тиіс. Олардың негізгі айырмашылығы тек мынада: баланың ойыны нақты материалдық рухани байлықты көздемейді, ал жұмыс ондай игілікті өндірудің негізгі жолы екені айқын. Баланың қуанышы мен реніші ойында айқын көрінеді. Ойын кезіндегі баланың психологиялық ерекшелігі мынада: олар ойланады, эмоциялық әсерін ұшқындайды, белсенділігі артады, ерлік қасиеті, қиял елестері дамиды, мұның бәрі баланың шығарымпаздық қабілеті мен дарынын ұштайды.

Ойын үстінде бала бейне өмірдің өзіндегідей қуаныш, реніш сезіміне бөленеді. Бірақ бала одан ойын екенін білмейді деген түсінік тұмайды. Сондықтан шындықтағыдай «сөйтеік, бүйтіп көрейік»-деуі, олардың «ойынды ойын»-деп түсінуінде жатыр.

Ата-аналар мен тәрбиешілердің міндеті бала бойына жас кезінен бастап ізгілік, мейірімділік, инабаттылық, сезімдерін қалыптастыру. Ойын барысында балалардың айналадағы дүние жайында мағлұматтары кеңейіп, таным белсенділігі артады. Ойын-балалардың, оқуға, еңбекке деген белсенділігін арттырудағы басты құрал. Ойын технологиясының ерекше қасиеттерінің бірі- сыртқы жағдай әсерінен баланың мінез-құлқында еркіндік, ұйымдастырылған оқу іс-әрекетіне қызығушылық пайда болады. Көңіл-күйдің көтерілуі оқу әрекетіндегі үрдістердің жеңіл әрі қызықты өтуіне әсер етеді. Баланың психикасы, қабілеті ойын іс-әрекеті арқылы беріледі. Бұнда баланың ішкі көрнекілігі қалыптасады, ойлауы мен физикалық іс-қимылы қатар жүреді. Бала ойлап отырып іс-қимыл жасайды. Бұның бір артықшылығы- бала оқу материалдарын интенсивті түрде қайталап, жаттығып отырады. Ойын кезінде тәрбиеші катал сарапшы немесе төреші емес, керісінше жақсы қарым-қатынас құратын қайырымды кеңесші болуы керек.

Сұлтанмахмұт Торайғыров «Балалықтың қанына ойын азық»-деп бекер айтпаған. Өйткені, ойын үстінде баланың бір затқа бейімділігі, мүмкіндігі және қызығуы анық байқалады. Ұлы педагог В.Сухомлинский

«Ойынсыз, музыкасыз, ертегісіз, шығармашылықсыз, қиялсыз толық мәніндегі ақыл-ой тәрбиесі болмайды»-дейді, демек, шәкірттің ақыл-ойы, парасаты ұлттық салт-сананы сіңіруі ойын арқылы байи түспек.

Ойын бала үшін — нағыз өмір. Егер тәрбиеші ойынды ақылмен ұйымдастырса, ол балаларға ықпал жасауға мүмкіндік алады. А.П.Усова былай деп атап көрсетті: «Балалардың өмірі мен іс-әрекетін дұрыс ұйымдастыру — оларды тәрбиелеу деген сөз. Тәрбиенің тиімді процесі ойын және ойынның өзара қарым-қатынастары формаларында жүзеге асырылатын себебі сол, бала мұнда өмір сүруді үйренбейді, өз өмірімен тіршілік етеді».

Ал, А.С.Макаренко ойынның балалар өмірін ұйымдастырудағы ролін жоғары бағалай келіп, тәрбиешінің ролі туралы былай деп жазды: «Мен де педагог ретінде олармен аздап ойнауға тиіспін. Егер мен тек қана үйретіп, талап етіп, айтқанымды істетіп тұрсам, онда мен, бәлкім, пайдалы, бірақ жақындығы жоқ бөгде күш қана боламын. Мен міндетті түрде аздап ойнауға тиіспін және мен өзімнің барлық әріптестерімнен осыны талап еттім»-дейді.

Ойын мазмұны мен түріне қарай: мазмұнды-бейнелі, қимыл-қозғалыс, дидактикалық, құрылыс, кейіптендіру ойындары болып бөлінеді. Мазмұнды-бейнелі ойында балалар ойын мазмұнын түсінікті етіп жеткізуге тырысады, оған қажетті құрал-жабдықтарды табуға талпынады, оларды дайындау үшін еңбектенеді, ал еңбек ұжымдық іс-әрекетке біріктіреді және шығармашылық іс-әрекетке бағдарлайды, балалардың өзара қарым-қатынасын реттеп, олардың бойында адамгершілік сапаларды қалыптастырады. Бала алған рөлдеріне сай кейіпкердің киімін киіп, қимылын, дауыс ырғағын мәнерлі жеткізуге тырысады, көркемдік сабақтардан (ән-саз, бейнелеу өнері сабақтары) алған білімдерін пайдаланады, қуыршақты ұйықтату үшін бесік жырын айтып әлдилейді, бейнелеу өнері сабақтарында жасаған ыдыс, үй жиһаздарын, қағаздан құрастырған заттарды ойын құралы ретінде пайдаланады. Мазмұнды-бейнелі ойынның ерекшелігі: оны балалардың өздері жасауында, ал ойын қызметі айқын өнерпаздық және шығармашылық сипатта болады. Бұл ойындар қысқа да, ұзақ та болуы мүмкін.

Дидактикалық ойын барысында есту, көру, сезіну, қабылдау сияқты үрдістері дамып, балалар музыкалық ойыншықтар мен әр түрлі саздық аспаптардың дыбыс шығару ерекшелігін ажыратуға, заттарды пішініне, түсіне, көлеміне қарай іріктеуге, әр түрлі қимылдарды орындауға үйренеді. Ертегі немесе әңгіменің мазмұны бойынша бөлек-бөлек суреттерді пайдаланғанда оларды белгілі бір тәртіппен жинау үшін байқағыштық пен тапқырлық көрсетеді. Қимыл-қозғалыс ойынында балалар санамақтар, өлеңдер, тақпақтар қолданады. Бұндай ойындарда балалардың ептілігі, қимылдың әдемілігі дамып қалыптасады, кеңістікті, уақытты бағдарлауға үйренеді, батылдық, тапқырлық, қайраттылық, достық, жолдастық көмек,

тәртіптілік, ойын ережесіне бағына білу сияқты адамгершілік сапаларға тәрбиеленеді.

Қимыл-қозғалыс ойындарында балалардың қозғалысын жүгіру, секіру өрмелеу т.б қимылдарға жаттығуына және жетілдіруге мүмкіндік береді. Қимыл ойындары барлық жүйке - психикалық дамуына, жеке басының аса маңызды салаларының қалыптасуына да үлкен әсер етеді. Қимыл ойында ережелерді ұйымдастырушы роль атқарады, олар ойынның барысын, жүйелілігін, ойнаушылардың қарым-қатынасын, баланың мінез – құлқын анықтайды. Сол сияқты ойындар да топта жас ерекшеліктеріне сай жүргізіледі. Ойын балаларға сабақта да, серуенде де өте қажет, тіпті бала жай дем алып отырғанның өзінде де ойын үстінде болады.

Бала өмір құбылыстарына, адамдарға, жануарларға деген ынтасын, қоғамдық мәні бар іс-әрекетке деген құштарлығын ойын арқылы қанағаттандыратындықтан, ойынның қай түрі болсын балалардың адамгершілік тәрбиесінің дамуында маңызды рөл атқарады. Еліміздің ертеңі, ұлтымыздың болашағы-бүгінгі ұрпақтың өмірді танып, ой өрісінің өркен жайып рухани жетілуі үшін ойынның бала өміріндегі маңызы зор.

МКҚК №11 «Аружан» бөбекжай-бақшасы

Бекітемін
№11 «Аружан» бөбекжай-
бақша басшысы
А.Ш.Есбол
«31» сәуір 2021ж



№3

Ата-аналар жиналысының хаттамасы

№3 «Күнбағыс» ортаңғы тобы
Тәрбиешілер: Мусабекова Н.П.
Байсапарова Г.А

Шымкент қаласы 2021-2022ж

№3 Ата-аналар жиналысының хаттамасы

№3 «Күнбағыс» ортаңғы тобынжа ата-аналар жиналысы болып өтті.

Өткізу күні: 18 Мамыр 2022ж

Өткізу уақыты: сағат 5-00де

Бала саны: 26

Қатысқандар: 19

Ата-аналар жиналысының тақырыбы: «2021-2022ж оқу жылының қорытындысы»

Мақсаты: Баланың өсіп дамуы үшін- дұрыс ұйымдастырылған күн тәртібінің дұрыс жасалуы бала көңілінің байсалды, сергек, шатшадыман, мінезінің бір қалыпты болып қамтамасыз ететінін түсіндіру.

Өткізу форматы: *Оффлайн*

Қатысушылар: Ата-аналар, *(балалардың заңды өкілдері)*

Күн тәртібінде:

- 1 «2021-2022ж оқу жылының қорытындысы»
2. «Мектеп жасына дейінгі балалар өмірінде қимылды ойынның ролы» (баяндама)
3. «Отбасында баланың әрекеттерінің дұрыс ұйымдастырылуы» (пікір сайыс)

Тыңдалды:

- 1.«2021-2022ж оқу жылының қорытындысын Байсапарова Гаухар Алжановна есеп берді.

Жарыссөз:

Ата-ана: Садыкова Динара Танирбергеновна сөз алды, -2021-2022ж аралығында балалардың шығармашылығын арттыру мақсатында қандай байқауларға қатысқанын атап өтсеңіз,- деп сұрақ қойды.

Тәрбиеші: Мусабекова Назира Полатбекқызы: –Аталмыш оқу жыл бойында бақша арлық мерекелік ертеңгіліктер мен көрмелер және Қазақстан Мемлекетінің Тәуелсіздігіне 30 жылдығына арналған байқауларға қатысып І-дәрежелі дипломдар алды және «Көктемгі пейзаж» сурет байқауы BilimgerKz Республикалық парталына жүктеп жүлделерге ілінді,-деп жауап берді.

Ата-ана: Ибрагимова Жаңыл Өмірханқызы, Балалардың деңгейін жасына сәйкес олардың жетістіктерін қалай бағалайтындарыңызды түсіндіріп өтсеңіз,-деп сұрақ қойды.

Тәрбиеші: мусабекова Назира Полатбекқызы:- МДҰ-ның тәрбиеленушісі Үлгілік оқу бағдарламасында берілген әрбір білім

саласындағы жас топтары мен ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша меңгерілуі тиісті білім,білік, дағдыларн олардың жетістіктерін мониторингілеу түрінде анықталады.

- **Бірінші деңгей-** бала осы немесе басқа білім мен әрекетті жаңғыртады;
- **Екінші деңгей-**бала белгілі бір білім қорына ие және өзінің әрекетін түсінеді;
- **Үшінші деңгей-**бала өзінің білетіні мен қолынан келетінін қолданады, білім, білік, дағдыларды дербес және шығармашылықпен қолданады,-деп жауап берді

2. «Мектеп жасына дейінгі балалар өмірінде қимылды ойынның ролы» атты баяндаманы Мусабекова Назира Полатбекқызы оқыды.

Баяндама тіркелді

Жарыссөзге шыққан ата-ана Ақпан Айдана Өмірсерікқызы баяндама мазмұнын дұрыс айтылғанын айтты.

3. «Отбасында баланың әрекеттерінің дұрыс ұйымдастырылуы» атты пікір сайыста әр ата-ана өз балаларын толыққанды отбасында жетілдіріп, еңбекке баулайтыны және уақтылы тамақтандыратыны жайлы атап өтті.

№3 Ата-аналар жиналысының шешімі:

- 1.2021-2022ж оқу жылына ата-аналар жақсыдеген баға берді.
- 2.Баяндаманы өз деңгейінде оқылғанын айтты.
3. Ата-аналар мен тәрбиеші өздеріне қойылған талапты өз деңгейінде орындасын.

МКҚК №11 «Аружан» бөбекжай-бақшасы

Бекітемін
№11 «Аружан» бөбекжай-
бақша басшысы
А.Ш.Есбол
«28» ноябрь 2021ж



«2021-2022 оқу жылының қорытынды есебі»

№3 «Күнбағыс» ортаңғы тобы
Тәрбиешілер: Мусабекова Н.П.
Байсапарова Г.А

Шымкент қаласы 2021-2022ж

№3 «Күнбағыс» ортанғы тобынын 2021-2022 оқу жылында жүргізілген оқу- тәрбие жұмыстарының жылдық есебі.

№3 «Күнбағыс» ортаңғы тобында 26 бала,оның 13-і ұл бала, 13 қыз тәрбиеленуде.

Стандартындағы бес сала:

1. «Денсаулық»
2. «Коммуникация»
3. «Таным»
4. «Шығармашылық»
5. «Әлеуметтік орта» білім салалары бойынша жұмыс жүргізілді.

Бес сала бойынша жоспар жасаланып жаңа оқу жылына мына міндеттерді алды.

1. Баланың өмірін сақтау ж/е денсаулығын нығайту толыққанды дене бітімін дамыту,ҚР-сы халықтарының ұлттық дәстүрі негізінде салауатты өмір салты құндылығын қалыптастыру.
2. Баланың өз отаны мен туған өлкесіне деген сүйіспеншілігіне, мемлекеттік рәміздерге құрметпен,қоршаған ортаға,отбассы,түрлі ұлт өкілдеріне адамгершілікпен қарауға тәрбиелеу.

Ос міндеттерді алға қоя отырып:

1.Қ.Р мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпы міндетті стандартты.

2. Мектепке дейінгі оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы бойынша айлық жоспар,циклограмма, техникалық карта жоспарланып отырды.

Балаларды өз туған жерін,елін сүйуге,Қ.Р-сы мемлекеттік рәміздерін, саот-дәстүрге құрметен қарауға,патриоттық сезімдерін арттыру мқсатында көптеген іс-шаралар өткізілді.

Балалардын қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстар туралы білімдерін қызығушылықтарын ойын арқылы оқу іс-әрекетінде дамытылды.

Балалардың құзіреттілігін көрсету үшін,жылдық жоспарда жоспарланған ашық іс-әрекет өткізілді.Тәрбиешісі **Мұсабекова Н.П** «Денсаулық», «Таным», «Коммуникация» білім салалары бойынша, балалардың денсаулығын нығайту, қимыл қозғалысты арттыру, шапшандыққа,ептілікке баулу мақсатында, атты ашық іс-әрекет өткізді.

Қ.Р тәуелсіздігінің 30 жыл мерекесіне орай ұйымдастырылған Республикалық **«Менің Қазақстаным»** атты көркемсурет ж/е байқауына қатысып,тәрбиеші **Мұсабекова Назираның** жетекшілігімен біздің балалар:

Байбол А,Сәкенқызы А, Мұрат А, Мамедомар А,Еркін А | дәрежелі дипломмен марапатталды.

Балабақша тәрбиеленушілеріне ж/е мектеп бастауыш сынып оқушыларына арналған республикалық **«Көктем шуағы»** атты сурет пейзаж байқауына қатысып, тәрбиеші **Байсапарова Гаухардың** жетекшілігімен :**Зайниддинова С, Жиенбай, Көшерқожа А, Абазбеков Ш, Сансызбай А** I дәрежелі дипломмен марапатталды.

Әр мерекеге байланысты ертеңгіліктер: «Көңілді күз», Қ.Р Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арнап «Елімнің бақытын тербеткен тәуелсіздік», «Кел жаңа жыл, Жаңа жыл», «Гүл сыйлайық анаға», «Қош келдің Наурыз той», «1-Мамыр Бірлігіміз жарасқан күн», 9-Мамыр «Жеңіс күні» атты ертеңгіліктер мұз жетекшінің ұйымдастыруымен өтілді. Онда балалар өз өнерлерін көрсетті.

Оқу жылында белгіленген ата-аналар жиналысы ZOOM арқылы уақытылы өткізіліп, онда түрлі мәселелер айтылып, ата-аналар өз ойларын ортаға сала білді. Жыл бойында ата-аналармен тығыз байланыста жұмыстар жүргізіліп отырды.

Балалардың денсаулығын нығайту мақсатында ертеңгілік жаттығулар жасаланып, таза ауада серуен, күннің екінші жартысында тамақты тұзды сумен шаю, төсекте керіліп созылу жаттығулары, ригалық әдістермен жүргізіліп, балабақша медбикесі балалардың өсіу мен салмақ көрсеткішін үнемі қадағалап отырды. Жыл бойында тәжірбие алмасу мақсатында басқа

топтардағы тақырыптық, ашық іс-әрекеттерге катысып отырдық.

Алдағы мақсат-міндет еліміздің болашағы бала бойына білім нәрін

сусындатып, өскелең ұрпаққа тәрбие беруде аянбай еңбек ету.